

2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № 10704 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 сәуірде № 6250 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

Н. НӘЛБАЕВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 29 наурыздағы
№10704 қаулысына қосымша

Қызылорда қаласы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 27.09.2018 № 11931 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап пайда болған қатынастарға таралады).

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	2	3	4	5	6	7
1	Қызылорда қаласы	18 660	260	0	44	0

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				

Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
8	9	10	11	12
464 (040) мектепке дейін білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	124 (004) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру			
29 680 теңге	24 390 теңге	11 540 теңге	0	18 488 теңге

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша (жеке меншік және мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
13	14	15	16	17
10 000 теңгеден төмен емес 10 а.е.к-тен жоғары емес	10 000 теңге	0	10 000 теңгеден төмен емес 10 а.е.к-тен жоғары емес	0